

Жастар — болашақтың кепілі

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ
28 ҚАЗАНЫНАН
БАСТАП ШЫҒАДЫ

Сапа
SMS
Мүдде
Самуай



№6-7 (54-55)
27 тамыз, 2014 ж.

ЖАСТАР ГАЗЕТІ


КОНСТИТУЦИЯ - ЕЛДІГІМНІҢ ТІРЕГІ

3-бет



Қазақ жерінде, қазақ қоғамында қара халқының қамын бағатын, азаматтарының құқығын қорғайтын заңнамалық жарғылардың бұрын да болғаны тарихтан белгілі. Бүгінде әділдікті ту еткен, ел ынтымағын көксеген, ұрпағының аманатын тәу етіп, бейбітшілік пен азаттықты аңсаған елдің азаматтарына құқықтық кепілдік беретін Конституциясы 19 жыл бойына адал қызмет етіп келеді.

АЛАШТЫҢ
АРДАҚТЫСЫ, СӨЗ
ӨНЕРІНІҢ СҰЛТАНЫ –
СҰЛТАНМАХМҰТ
ТОРАЙҒЫРОВ



4-бет

ӨМІРГЕ ҒАШЫҚ
СКАУТТАР



5-бет

ШЫҢҒЫСХАННЫҢ
АЛТЫ АУЫЗ СӨЗІ



8-бет

ДҮРБІ

«Жасыбай толқыны - 2014»
жазғы кубогі «Үш жүз»
құрамасына бұйырды

Киелі Баянауыл өңірінде «Жасыбай толқыны-2014» көңілділер мен тапқырлар клубы ойындарының фестивалі мәресіне жетті, деп хабарлайды pavlodarnews.kz тілшісі. Дәстүрлі жайдарман додасына Астана, Шымкент, Семей, Ақтөбе, Орал, Көкшетау және Павлодар қалаларының жастары жиналды. Жарысқа, сонымен қатар Баянауыл жастар құрамасына да қатысты. Қатысушылар үш күн бойы жайдарман ойындарынан бөлек түрлі спорттық ойындарына қатысып, патриоттық әндер шырқады.

— Дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келе жатқан фестивальдің деңгейі жыл санап артып келеді. Бұл — қуанышты жайт. Қазақ жайдарман ойындарына зор қолдау көрсеткен облыс басшылығына айтар алғысым шексіз. Баянауыл табиғатының өзі қатысушыларға ерекше қуат береді, шабытын шыңдай түседі, — деп ағынан жарылды Қазақстан КТК одағының президенті Есен Елеуен.

Аталмыш фестиваль директоры Төлеген Айтбаевтың айтуынша, шараға қатысқан командалар әлеуметтік өзекті мәселелерін қаузап, көрерменді өткір әзілдерімен қуантты.

— Өздеріңіз байқағандай, қазылар алқасы үздіктерді анықтау барысында біраз терлегендей болды. Бұл қатысушылардың жоғары деңгейін аңғартса керек, — дейді Төлеген Айтбаев.

Үздік жайдарманшылар бас қосқан фестивальге Орал қаласынан келген «Қаз ИИТУ» командасы Қазақстан КТК одағы президентінің арнайы жүлдесін жеңіп алды. Үздік үштікті Шымкент қаласының намысын қорғаған «13 аймақ» командасы қорытындылады. Қазылар алқасының шешімі бойынша екінші орынға ақтөбелік «Фемид» командасы лайық деп танылды. Ал биылғы жылдың чемпиондары Көкшетау қаласының «Үш жүз» командасы атанды.

Бұған дейін хабарлағанымыздай, бұл өнер додасында тұңғыш рет орысша КТК командалары бақ таластырды. Ақсу қаласының «Темп» командасы үшінші орынды қанағат тұтса, қазақша жайдарман лигасында ойнайтын «Павлодар жастар құрамасы» ресми тілде де тамаша өнер көрсетті. Олар жеңіс тұғырының екінші сатысына көтерілді. Ал республикалық сайыстарда өңір намысын қорғайтын Павлодар облысының жастар құрамасы жүлдегер атанды.

pavlodarnews.kz

КЕШЕ.
БҮГІН. ЕРТЕҢ

Өткеннен - өнеге, тарихтан - тағылым...

...Өткен тарихымыз ғылым үшін ғана жазылмайды,
өткеннен үлгі-өнеге алу үшін жазылады.

Н.Ә. Назарбаев.

Аңдату

Алтайдан Атырауға, Алатаудан Арқаға дейінгі құс ұшса қанаты талатын, тұлпар шапса, тұяғы тозатын кең байтақ даланы мекендеген кешегі көшпелі жұртың көшелі ұрпағы, кең даланы кезінде ен жайлап, бүгінде салтанатты шаһар тұрғызып, тектілігі мен ұлылығын әлемге ұлықтаған хас сақтың ұрпағы — қазақ, сенде бүгін арман бар ма?!

КЕШЕ.

Тарихыңды тасқа жаздың, тағылымыңды жырмен дестеледің, ойыңды өрнекті, сөзіңді сәнімен келбетті, ісінді игілікті әрекетіңмен әспеттедің. Ұлың ұлықты боп өсті, қызың қылықты боп өсті. Жетімді жылатпадың, жесіріңді тентіретпедің. Тұлымдың басын тік көтеріп өсті, бұрымдың қылықты боп өсті.

Кешегі Күлтегіннің күллі арманы көктегі бұлтпен жарысып, сырғи өткен уақытпен сыр ұқтырып, сан қатпарлы һәм астарлы сырымен бүгінгі күнге жетті: Майқы би боп сөз мәйегін төктім; Қорқыт боп күңірендім; Кет-Бұға мен Сыпырадай сыр ұқтырдым; Әл-Фараби боп әлемге танылдым; Асан Қайғы боп ардақты еліме құт іздедім; Доспанбет, Шалкиіз боп шамырқандым; Махамбет баһадүрдей басымдағы бағымды ел үшін құрбан еттім; Әлихан, Ахмет боп жазықсыз жапа шектім; Қайрат боп қапада аза тұттым, қайранда менің қара нардай қабырғалы елім, сен сонау күнге ғасырлар бойғы толассыз, танымсыз күрескерлігіңмен жеттің ғой!

Кешегі халқына қадірлі Қасым хан, Еңсегей бойлы Ер Есім, әз-Тәуке, Абылайлардың асқақ арманы мен аманатын адал арқалап, бүгінгі күні қазақ деген халықты әлемге танытқан Нұрсұлтандай оғланды Жаратқан қазақтың маңдайына тегін жазбаған екен!

Кешегі Күлтегіннің күллі арманы Махамбеттің отты жырымен, оқты соғысымен аяқталған екен десем... Жоқ! Жоқ! Жоқ! Бұл қазақ бүгінде қайта түлепті-ау!

БҮГІН.

Бұл қазақ бүгінде қайта түлепті —ау, кезінде қатты жүдепті... Өйткені, бұл — қазақ мың өліп, мың тірілген қазақтың ұрпағы ғой. Жылаған жылдар шежіресінен тағылымды да, ғибратты, тәлім алған қазақ сол қасіретті кезеңді тарихтағы естіден қалған еселі күндер есебіне қалдырып, тағы да бүгін бүр жарыпты... Сүйінші! Сүйінші! Сүйінші, халқым! Естисің бе, Ұлы халықтың рухы биік, нарқы биік салтанатын. Міне, қарашы! Дәл бүгінгі келбетін.

Ол есейген. Ол ащы тарихтың кермек дәмін ерте татып, аузы сан мәрте күйді, сан мәрте сүрінді. Өткенінен — өнеге, тарихынан — тағылым алып, бүгінгі кезде әлемдік алпауыттармен санасатын күйге жетті. Ол өткеннен сабақ алып, саналы түрде есейген. Естілігі мен ептілігін, парасаттылығы мен тектілігін танытып жатыр. 164 жыл өзге ұлттың илеуінде жүрсе де, білім мен білігінің арқасында олардан асып

түсті. Дәл олардың өзіне де өнегесін көрсетіп, ақыл айтатын күйге жетті, естисің бе, Болашақ!

Арқаның төсіне айбынды қала салып, 130 ұлттың өкілін бауырына басып, өз баласындай көтеріп отырған мына қазақтың мінезі неткен кең, неткен дархан десеңші!!!

Ей, жаратқан, сол тағылым мен ниетіңнен айыра көрме! «Кең болсаң — кем болмайсың!» деген тәмсілің бар еді ғой.

Астана — арман қала. Абзал қала. Өскін қала. Астана — сан жылғы туған халқымның тұғырдан сан мәрте сүрініп жеткен биігі! Астана — туған халқымның т-а-л-а-й жылғы қасіреті мен қайғысының, сорға төгілген маңдай терінің еселі есебі ғой бұл!

Туған халқымның маңдайға біткен бақытты да бес елі екен-ау! Аты болса да заты жоқ, тілі болса да ділі жоқ қаншама халық бар бұл безерген жер бетінде. Мәселен, латын, грек, чуваш деп тарихабыз да олардың санын шұбырта береді ғой. Соны ойлағанда, жауқазындай жаңа түлеп жатқан мынау қазақ деген Ұлы халықтың Тәуелсіздігіне жыр-ғұмыр тілейсің!

Қазақтың осынау дархан даланы ғасырлар бойы сақтап, күрескер рухымен тәуелсіздікке жетуінің сыры — оқты қаруында емес, ақыл-парасат, білім-білігінде, өткеннен өнеге ала білер ұстамдылығында.

ЕРТЕҢ.

Міне, Қазақтың тарихындағы гүлдену дәуірі басталды, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың салихалы саясаты мен көрегендігінің арқасында сан ғасыр санасы уланып, тұншықтырылған халықтың дүлей дауылдан соңғы жадыраған мамыражай келбеті басталды. Өзінің саяси ұстанымының беріктігімен, экономикалық әлеуетінің мықтылығымен алақанда ардақтаған Ұлы Қазақ деген халықтан кезінде «бұратана» деп менсінбей сөйлейтін, еуропашыл, аузын айға білеген алпауыт елдер де әлі-ақ оның қас-қабағына, емеуіріне қарар күйге жетер. Ол да әлі-ақ болар, себебі өмір кезек. Бұл — табиғаттың айнымас заңы!

Қазақ деген ұлы халықтың гүлдену дәуірі басталды, естисің бе, Болашақ!



Айнұр ӘЗІМХАН,
С. Торайғыров
атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің
студенттік филармония
директоры

ҰБТ ЖӘНЕ МАМАНДЫҚ

Бұл екі сөз егіз ұғым емес, бірақ бір-біріңіз көші ілгері баспайтын мағыналы сөздер. Тақырыпты екеуінің арасындағы ерек пен деректі анықтау үшін арнайы таңдадым.

«Адам өз өмірінде екі нәрсені таңдауда қателеспеуі керек: бірі — жар таңдау, екіншісі — мамандық таңдау». Ал біз бүгінгі күні осы сөзді жете түсініп, байыбына барудамыз ба? Мәселен, менің тобымда білім алып жатқан 17 студент бар. Бірақ олардың бәрі бірдей журналист болуды көксіп келгендер емес. Әр біреуінің жағдайы әр түрлі, қалай келгенін айтып оларды талдап жатпай арнамды тақырыбыма қарай ағызайын.

Үлкен өмірге қадам басар сәтте талапкердің таңдаған мамандығы оның болашақ өмірінің айқындалар тұсы екендігін естен шығармағаны жөн. «Мектеп бітіргеннен кейін кім боласың?» деген сұраққа оқушылардың көбі нақты жауап бере алмайды. Шындығына келгенде мамандық таңдау қоғамымызда күрделі мәселеге айналып отыр.

Талапкердің бабы мен бағын таразылар сәт бүгінгі күннің ҰБТ-сы екені белгілі. ҰБТ-ның өз заңы барын айтпасамда білесіздер. Бесінші пән, яғни оқушының таңдау пәні. Міне, менің тобымдағы студенттердің таңдау пәндері әр түрлі (дүние жүзі тарихы, физика, биология, т.б.). Сол пәндерді таңдай отыра олар бүгінгі күнде журналистика мамандығында білім алуда. Неліктен десеңіздер...

Көпшілік студенттер оқып жатқан мамандығын ҰБТ-да алған ұпайының аздығынан және отбасына салмақ түсірмеу үшін қанжығасындағы қарымтасына қарап таңдағанын айтады (кейбірі өзі емес, ата-анасы таңдаған оқуды оқуда).

ҒАЛАМТОРДАН ТҮЙГЕНІМ

Ғаламтор бетін ашсақ, 11-сынып оқушыларының бағыт бағдар тілеп, ақыл кеңес сұрап жазған хаттарын көзіміз шалады. Әрине, мұны қате демейміз. «Мен биыл ҰБТ тапсырамын, қандай пән таңдасам болады?» Міне болашақ маманның сөзі. Бұдан байқайтынмыз, ата-ананың салғырттығы мен талапкердің өзіне сенімсіздігі. Оқушы «мен мына мамандықты игере аламын, үйренемін, мына мамандық менің табиғатыма жақын»- деп 9-10 сыныпқа келгенде-ақ топшалап қоюы

қажет. Және де бір мысал «Менің таңдау пәнім биология еді, грантқа түсу үшін ең төменгі ұлай қанша?» Ал бұл сұраққа не дейсіз? Сонда талапкердің көкейінде өзі таңдаған мамандық па әлде грант па? Қалтасы көтере алмайтындардың мұнысына келісуге болар.

Қазіргі жоғары оқу орындарын бітіргендердің 3/4 бөлігі заңгер, экономист, кеденші мамандықтарын құрайды. Бүгінгі жастардың көзқарас ниетіне салсаңыз мұндай мамандықтың болашағы зор. Сол сала мамандарының айлық жалақысының да жоғары екенін де жасырмаймыз. Дегенмен, нақ осы мамандықтар бойынша оқу бітіргендердің жұмыс тауып жатқандарын ауыз толтыра айта алмайтынмыз да анық.

Талапкердің бабы шауып немесе бағы ашылатын кез деп ҰБТ-ны жыр еткеніміз-халықтың сөзі. Дегенмен, тыңғылықты еңбек етсеңіз жемісін көреріңіз хақ, сондықтан басқа басқа емес, бастағы білімге бас игеніңіз дұрысырақ болады.

Түйін. Бүгінгі таңдау-ертеңгі жеміс. Бүгін бүк басып, ертең базарда жүк тасып жүрмейік. Қалаған мамандығымызды меңгермей, қалған өмірімізді екіншіпен өткізуден сақ болайық.

Мереке АМАНТАЙ

КОНСТИТУЦИЯ - ЕЛДІГІМНІҢ ТІРЕГІ



*Қазақ жерінде,
қазақ қоғамында
қара халқының
қамын бағатын,
азаматтарының
құқығын қорғай-
тын заңнамалық
жарғылардың
болғаны та-
рихтан белгілі.
Әділдікті ту
еткен, ел ынты-
мағын көксеген,
ұрпағының ама-
натын тәу етіп,
бейбітшілік пен
азаттықты аң-
саған елдің бүгін-
ге азаматта-
рына құқықтық
кепілдік беретін
Конституциясы
19 жыл бойы-
на адал қызмет
етіп келеді.*

Қазақстан өз тәуелсіздігін ресми түрде бұрынғы кеңестік республикалар арасында ең соңынан, 1991 жылы, 16 желтоқсан күні жариялаған ел. Егемен ел үшін өткеннің тәжірибесімен санасатын, бүгінгі шындықпен келісетін және ертеңгі күнге сеніммен бағыт беретін Негізгі Заң қажеттілігі туындады.

Конституциялық комиссияның қажырлы да ұзақ еңбегінің нәтижесінде 1993 жылы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесі жариялы түрде дауыс беру арқылы түгелге жуық көпшілікпен Қазақстан Республикасының алғашқы Конституциясы қабылданды. Конституция Қазақстан мемлекеттік егемендігін алған сәттен бергі көптеген құқықтық нормаларды: халықтық егемендік, мемлекет тәуелсіздігі, билікті бөлісу принципі, қазақ тілін мемлекеттік деп тану, Президентті мемлекет басшысы деп тану, сот органдары – Жоғарғы, Конституциялық және Жоғары Арбитраждық соттар және басқаларды қамтыды. 1993 жылғы Конституция негізінде парламенттік республика моделі алынды.

Уақыт өте келе бұл Негізгі Заң өзінің әлсіз тұстарын көрсете бастады. 1995 жылы 30 тамызда ҚР Президентінің жарлығына сай Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдау жөнінде бүкілхалықтық референдум өткізілді. 89,14% сайлаушылардың қолдауымен Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылданды. Бұл күн мемлекеттік мереке – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні болып табылады. 1998 және 2007 жылдары Конституцияға Президенттің өкілеттілігін ұлғайту жөнінде елеулі өзгерістер енгізілді.

Қолданыстағы Конституцияда мемлекет адам құқықтарына шынайы кепілдіктер берген. Олар: әрбір азаматтың еңбек ету және кәсіпкерлікпен айналысу еркіндігі; заң бойынша мөлшермен тегін медициналық көмек алуға; тегін орта білім алуға; діни – сенім бостандығы; конкурстық негізде ақысыз жоғары білім алуға; әлеуметтік қамсыздандыру. Бүгінде осы конституциялық негіздер әрбір Қазақстан азаматының өмірінен берік орын алды. Қазіргі қолданыстағы Конституция адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын

бекітіп, еліміздің азаматтарының құқық алдындағы теңдігін қамтамасыз етті. Бұл принциптер мемлекетіміздің экономикалық – әлеуметтік дамуына, іргесі мықты, азат ел құруға негіз болды. Тереземіз тең, босағамыз кең, шаңырағымыз берік, еңсеміз биік азат ел атандық бүгінде.

Тарих беттерінен еліміздің конституциялық тарихы ертеректе жатқанын байқауға болады.

Қасым ханның қасқа жолы

«Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысы» халықтың өдет-ғұрып нормаларын қалыптастырған конституциялық құжат болғаны тарихтан белгілі. Қасым ханның билігі тұсында қазақ халқының территориясы біріктіріліп, хандық билік сол территорияға тарап, биліктің рөлі арта бастады. Сол себепті де, қазақ хандығының жаңа қалыптасқан жағдайында ел ішіндегі бұрынғы өдет-ғұрып заңы сай келмеді. Қасым хан өз жарғысының негізін халқының ежелден келе жатқан өдет-ғұрып заңдарына сүйене отырып, сол заманның талабына сай жарғыны жаңа үнмен жаңғыртты. Тіпті, шарғат қағдасын берік ұстанған отырықшы аудандар да Қасым ханның қазылық билігіне жүгінді. Мәселен, жеті атаға дейін үйленбеу, әменгерлік, құдалық жол-жоралғылар, қазылық билік.

Есім ханның ескі жолы

Есім ханның тұсында «Есім ханның ескі жолы» деген атпен қалған өдет-ғұрып нормаларын қалыптастырған заңдық жарғы жарияланды. Бұл заңдық құжатты Есім хан мен оның кеңесшілері өңдеп, толықтырылған бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолының» бір нұсқасы ретінде қарастырған жөн. Есім салған ескі жолда қоныс-тұраққа, мал-мүлікке, адамдар арасындағы қарым-қатынасқа қатысты туатын даулардың шешімдері сараланды. Мұның өзі кейініректе Тәуке ханның «Жеті жарғысына» негіз болады, және қазақ халқының мәдени-рухани, салт-дәстүр қалыптарының болашақ ұрпаққа мирас болып бүгінге дейін жетуіне себепші болды.

Жеті жарғы

Тәуке хан өзінің алдындағы хандардың тұсында қабылданған заңдарын одан әрі жетілдіріп, жаңа заң жүйесін жасады. Ол «Қасым ханның қасқа жолын», «Есім ханның ескі жолын» өз дәуіріне сай етіп, сондағы ережелердің жетеуіне өзгерістер енгізген. Тәуке хан үш жүздің билерін жинап, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер қатысқан бас қосуда, Күлтебіннің басында «Жеті жарғысын» қабылдады. Онда жер дауы, отбасы, және неке заңы, қылмыс пен құн дауына ұрлық-қарлыққа және куәлік ету мен ант беру рәсімдеріне орай қалыптасып, тұжырымдалған қазақтың өдет-ғұрып заңдары орын алған.

Ұлт беделін асқақтатқан Заң

Одан кейініректе алғаш құқықтық жүйе, құқықтық ұғымдарды XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары жариялаған «Алаш» автономиясы құрылған кезде орын алды. Алғашында қазақ құқығының аса маңызды бастауы ұрпақтан-ұрпаққа жеткен өдет-ғұрып, дәстүр болса, алашорданың негізін салушылар «Алаш» бағдарламасының жобасын ұлттық-демократиялық бағыттағы, құқықтық мемлекетті құруды мақсат еткен. «Алаш» партиясының өкілдері нағыз демократтар болды және демократиялық жолмен әрекет етті. Онда: мемлекет қалпы, жергілікті бостандық, негізгі құқық, дін ісі, билік һәм сот, ел қорғау, ғылым-білім үйрету, салық, жұмысшы мәселесі, жер мәселесі жөнінде құқықтық жүйе негіздері қарастырылды.

PS: Бүгінгі күнгі құқықтық, демократиялық, зайырлы мемлекетіміздің Конституциясы – ертеңгі ұрпақ үшін әділдік пен азаттықтың нышаны болып қала берсе деген ниет бар ел көкейінде. Қолданыстағы Негізгі Заңда бекітілген заңдық ережелер мен тұжырымдар мемлекет пен қоғамның дамуына, саяси – экономикалық және әлеуметтік өсуімізге кепіл берсе деген ой бізде. Мемлекет пен азамат арасындағы көпір – Еліміздің Конституциясы берік әрі өміршең болғай!

Жанар ЕЛЕШОВА

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

Әлем жұртшылығының Конституция күнін тойлауы

АҚШ. Әлемге тұрақты конституциясымен әйгілі АҚШ Конституция күнін тойламайтын көрінеді. 1789 жылдың 17 қыркүйегінде солтүстік штаттықтармен қабылданған Негізгі Заң күнтізбедегі ерекше тойланатын күн қатарына енгізілмеген екен. Америкада мемлекеттік деңгейде атап өтетеін мереке ретінде елдің Тәуелсіздік күні. Бұл мемлекеттің Басты заңы жаһандағы заманауи түсініктегі алғашқы құжат ретінде тарихта қалғаны да хақ. Сондай-ақ, АҚШ Конституциясы демократиялық үлгідегі құқықтық базаны құрудың алғашқы да табысты тәжірибесі. Екі ғасыр бұрын жер жаһандықтар ел билігі халықтан бастау алатын республикалық билік турасынан еш хабарсыз болған еді. Екі ғасырдан астам уақытта АҚШ Конституциясы әлем алдында халық билігінің тұрақтылығығы үлгісі болып танылды. Екі ғасырлық мерзімде айтулы Басты құжаттың қызметі барысында бірнеше ұрпақ алмасып, саяси өзгерістер мен билік ауысып жатса да өзгертулер мен толықтырулар енгізілмеген бірден бір құжат. Бұл елдің Негізгі Заңының әлем алдында мәртебесі бола тұра, Oak Hill Publishing компаниясының сауалнамасының нәтижесіне сай халқының 27 пайызы ғана АҚШ Конституциясының қай күні қабылданғанынан хабардар болып шыққан.

Ұлыбритания. Ал көрі құрлықтағы британдықтар заңға бағынатын ұлт ретінде танымал. Олар Конституциялық заңға бағынбайды, өйткені оларда аталмыш құжат өз билігін жүргізбейді. Кім білер бүгінгі заманауи заманда монархиялық билік орнына халықтың өзі ел билеймін деп шешіп жатса, Конституциялық Заңнаманың күшіне жүгіне жатар.

Норвегия. Көрі құрлықтағы АҚШ Басты Заңына тұрақтылық тұрғысынан бәсекелес бола алатын Норвегия елінің Конституциясы. Бұл құжаттың да еш өзгеріссіз елге қызмет етіп келе жатқанына екі ғасырдың жүзі болған. 1841 жылдың 17 мамырында қабылданған Конституция күнін норвегиялықтар ауқымды түрде атап өтеді екен. Бұл елдің азаматтары жаңа-жылдық милат мерекесі мен 17 мамыр күнін ерекше көтеріңкі көңіл-күймен тойлайды. 17 мамыр күні – мектеп оқушыларының оқу жылы аяқталып, жаңа белестерді бағындырар үміт желкені жетелейтін қуанышқа толы күні тойдан тойға ұласып жататын көрінеді.

Бельгия. Белгия мемлекетінің Конституциясының норвегиялық Бас Заңнамасынан 10 жылға үлкендігі бар. Алғашқы Конституциясымен Леопольд I монархы бірінші болып ант беру рәсімін өткізеді. Халық монархты өздері сайлаған 21 шілде күннен бастап осы күнді Бельгия күні ретінде атап өтіп келеді. Бұл күні халық бірден үш айтулы мерекені тойлайды. Конституция күні, Тәуелсіздік күні, Халық бірлігі күні сияқты мейрамдарды халық ерекше шабыттана тойлайды. Осы күні Брюсселде әскери шеру, Гентеде би фестивалы өтеді.

Франция. Еуропа елдеріндегі конституциялық жүйені қабылдағысы келетінін жариялаған мемлекеттердің алғашқысы болған Франция. 1958 жылы қабылданған Конституция ол елдің бірінші Бас құжаты емес, дегенмен, Бесінші республиканың негізіне сеп болды. Алайда, бұл айтулы күн франциялықтар үшін қарапайым күндердің бірі болып өтеді.

Жапония. Жапония Басты Заңнамасының күнін жапондықтар 3 мамыр күні тойлайды. Күншығыс елінің тұрғындары бұл күні отбасылық амандық пен жер бетіндегі тыныштық құндылықтарына баса назар аударады. Конституция күні «Алтын апталығы» аясында халық арасында кең ауқымда тойланады. Сева күні – Хирохито императорының туылған күні, Жасыл желек күні – мемлекеттің іргесі қаланған күн және балалар күні ретінде аталып өтіледі. Осы күндері жапондық жұмыс берушілер жұмысшыларына қосымша демалыс береді екен.

ҚХР. Қытай Халық Республикасының тарихында төрт Конституция болған. 2001 жылдың 4 желтоқсанынан бері бұл күні «Заңға сәйкес мемлекеттік басқару мүдделері арқылы Конституцияның маңыздылығын түсінуді нығайту» ұранымен Үгіттеу және заңнама күні ретінде аталып келді. Осы күні ел ішінде Негізгі Заңның мәртебесі мен беделін есіруге бағытталған танымдық шаралар өткізіледі.

Ресей. Ресей бүгінгі Конституциясын референдум арқылы 1993 жылдың 12 желтоқсанында қабылдаған болатын. 1994 жылдан бері айтулы датаны сол уақыттағы президент Борис Ельцин мемлекеттік мерекелер қатарына қосты. Мерекелеуді сүйетін ресейліктер бұл күні қуанышты көңілмен тойлайды.



ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҮНДЕСТІК

Қазақ елі өзінің ардақтысын бағалаған кезде, ең алдымен оның өзі өмір сүрген кезеңде қоғам алдында атқарған, сіңірген еңбегіне, енгізген жаңашылдығына қарап баға береді. Солардың бірі Қазақ Даласына ағартушылық және жаңашылдық қырымен танылған Алаш ардақтыларының жасын жарқылы, сөз өнерінің сұлтаны – Сұлтанмахмұт Торайғыров болатын...

Сұлтанмахмұт Торайғыров – қазақ әдебиетіне жаңа арна, тың серпін әкелген ерекше тұлға. Сұлтанмахмұт Торайғыров ағартушы-демократ, талантты ақын болуымен қатар, ұлт мүддесінің көзқарасы мен дүние танымын терең таныта білген ойшыл. Оның әрбір туындыларында философия, әлеуметтану, дін, этика, эстетика, адамтану мәселелерін қозғайды. Шығармаларындағы ой түйіні – әдебиет пен қоғамдық сананың арасындағы тұтастықты көрсететін үлкен бір әлем. Жалпы Сұлтанмахмұт Торайғыров өмір сүріп қызмет еткен дәуірдің сан алуан күрделі де қиын кезең болғандығын, ондай қатал сыннан ілуде біреудің сүрінбей өте алатынын ескергеніміз жөн. Сұлтанмахмұт қазақ елінің ой дүниесінде аз жасап, көп іс тындырған, ресми оқу орындарын бітірмесе де, өз бетімен үйреніп, көп тоқыған замандасының сан қырлы ерекшеліктерін тез түсіне білген, қысқа өмірі ізденумен өткен аса бір жалынды жүрек иесі, жігерлік қайраткер бейнесіндегі жарқын тұлға. Оның есімі ұлы Абай негізін қалаған жаңа саладағы жазба әдеби тілдің жалғастырушысы ретінде орын алады. Себебі, оған ақынның дүниетануы, өмірге көзқарасы, эстетикалық талғамы, шығармалары ғана емес, шұрайлы тілі, сіңірген еңбегі де айқын айғақ.

Әрбір қаламгердің өз шығармашылығын халыққа паш етудегі сүйенері, арқа сүйенері – тілі. Ақын лирикасының өзі өмір сүріп отырған қоршаған ортамен, қоғаммен өз өміріндегі, ел өміріндегі сан – қиылы, елеулі оқиғалармен табысып жатқан оқырманға ой салатын, ойландыратын, үзіп тастауға келмейтін байланысты байқаймыз. Ал Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармашылығына ден қойғанда тағы бір байқалатын ерекшелік сөзбен кейде бір кісіні табиғат құбылысы ретінде бейнелейді.

Ақын поэзиясының халыққа белгілі болу хронологиясы зерттеу нышанына қарай әр түрлі болып жүр. Тіпті ақынның көптеген өлеңдері, мақала очерктері әдеби жанр түрлеріне қарай енді сұрыпталып, көркем әдебиет еншісіне дұрыс берілу де. Соның бірі ақынның алғашқы өлең-мақала, очерктері 1912 жылдан бастап «Айқап» журналына жарыққа шығуы. Ал кейбір өлеңдерінің жазылу кезеңдері мен уақыты ауысып кеткен. Мәселен, 1919 жылғы «Кедей», 1919-1920 жылғы «Айтыс» дастандары ақынның тірі кезінде жарық көрмеген. Ақын қайтқаннан кейін, екі жылдан соң, яғни 1922 жылы Қазан баспаханасында кітап шығарумен арнайы айналысқан Қазақстан Халық ағарту комиссариатының уәкілі Бернияз Күлеевтің қатысуымен «Адасқан өмір» дастандар жинағы шығады. Бұл жинаққа араға он бір жыл сала, 1933 жылы ақынның «Толық жинақ» деген атпен өлең, дастандарды екінші рет жарық көреді. Аталмыш жинақтардың шығуына ақынның туысы Жүсіпбек Аймауытұлының сіңірген еңбегі орасан. 1920 жылы ақынның қайтар ал-

дында ақын иесі қолынан қолжазбаларын алған осынау абзал жанды ақыл иесі Сұлтанмахмұттың өлеңдерін бір қалыпқа келтіре іріктеп, түсініктеме жазып өзі күйерден аз-ақ бұрын баспаға тапсырып кеткен. Сұлтанмахмұтты зерттеушілер қатарына, ең бірінші Жүсіпбек Аймауытовты қоюмыз да осыдан болса керек. Жүсіпбектен кейінгі адам, Мұхтар Әуезовтың қолында 40-қа тарта өлеңдері мен екі дастаны болған. Келесі адам Сұлтанмахмұттың немере інісі Шәймардан Торайғыров, бұл кісі ақынның әкесі Шоқыптың қыстауға тығып кеткен өлеңдерін тауып алып, түсініктеме жазып тапсырған адам.

Арда Алаштың ұлы пәрзенті, сөз зергері Жүсіпбек Аймауытов 1926 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде жазған «Сұлтанмахмұт Торайғырұлының сөздерін жинауға атсалысыңыздар!» атты ашық хатында:

«Ақын елінің тілі ғой,
Адал туған ұлы ғой,
Бүлк-бүлк еткен жаны ғой,
Жанын жеген ар ғой,
Айталмай жүрген зары ғой.
Жаннан ардан безбесе,

Ақынын қандай ел қастерлемесін!» – деп жыр сұлтаны Сұлтанмахмұттың жан дүниесін зерделей келе, оның ұлттың тілі, діні, рухы екенін айта отырып, ақындығының биік белесін көрсеткен еді. Ақындық табиғатын жете зерттеп, оның биік шоқтығын танытты.

Сұлтанмахмұттың ақындық бейнесін Жүсіпбек Аймауытовтың әдеби кейіпкерімен де сомдап, ашуға болады.

Шернияздың шері бар,
Шерлі қылған елі бар,
Көзінде қанды селі бар,
Аузында зарлы селі бар,

Ел ниязы – Шернияз, – деген эпиграфпен ашылатын «Шернияз» пьесасы Сұлтанмахмұт рухына арналған. («Шернияз» – Жүсіпбек Аймауытовтың бес бөлімді өлеңімен жазылған пьесасы. 1926 жылы Қазақстан оқу комиссариаты бәйге жариялағанда екінші орынға ие болған. Семей қаласында жеке кітап ретінде басылып шыққан. Кітаптың үшінші бетінде автор арнауы жазылған: «Қараңғы қазақ көгіне, Өрмелеп шығып күн болам. Қараңғылықтың кегіне, Күн болмағанда кім болам!» – деп өртей заулап келе жатқанда ажал оғына тап болып, арманына жете алмай, жастай кеткен Арқанның арқар жанды, асқар жүректі, аяулы ақыны Сұлтанмахмұт Торайғырұлының аруағына арнаймын. Жүсіпбек»).

Ескере кететін бір жағдай, Сұлтанмахмұттанушы ғалым А.Еспембетов зерттеу еңбектерін дайындау уақытында мұрағатпен жұмыс барысында Қайым Мұхамедханұлының мұраларының ішінен: «Жаңа батыр» – «Шернияз» (1926) пьесасының алғашқы нұсқасы, – деген ұстазының шағын ескертпесін оқып, бұдан: «Жаңа батырдың» қолжазбасын іздей түсуіміз керек, өйткені пьесаның екі нұсқасын салыстыру көптеген мәселелердің басын ашуға жөн сілтері сөзсіз», – деген

ой түйіп, жаңа ізденістердің бастамасына түрткі болған.

Сонымен қатар реалистік сурет, тарихи нақты оқиғаларды негізге алған «Қартқожа» романындағы кесек бітімді Торайғыров ақын бейнесі әрлі де нәрлі қалпында көрініс береді. Ол былай деп жазады. «... Сол жылы Сұлтанмахмұт деген жас ақын Семейден ауырып, еліне келген. Қартқожа Махмұтты білетін. Ол ақ жүрек, кедейшіл, жалынды жас ақын болатын. Елдегі байлардың, жуан атаның нашарға істеген қиянатын, зорлығын газетке жазып, күштілермен ұстасып жүретін. Сұлтанмахмұт жуандардан қорықпайтын, бетің-жүзің бар демей, көңілдегісін айтып салатын. Семейдегі жастар Сұлтанмахмұтты қолдайтын, үлкендері адамгершілігін, турашылдығын, тазалығын, ақындығын бағалап, сыйлайтын. Сұлтанмахмұт елге келгеннен бері көңілін сұрап, көріп, әңгімелесіп қайтуға Қартқожа құмар болса да, ел жанымен қайғы болып, күн туған соң, Қартқожаның да мұршасы келмеген. Семей хабарын анық біліп тұрған кісі Сұлтанмахмұт. Газет алып тұрады, жолдастары хат жазып тұрады. Қартқожа ай-жай болған соң, әдейі іздеп, Торайғыр ауылына келеді.

Махмұт үйде екен. Қартқожаның келгеніне қуанып қалады. Бірақ жүдеу екен, жөтелі жиі ұстап, көп сөйлесе зорланып қалады екен. Қартқожаның қолын ұстасымен:

– Е, қарт – екем! Күнің туды, балшабек табарыштарды көрдік, – деді күліп.
– Қайдан көрдіңіз?
– Керекуге барып келіп отырмын.
– Қашан, жаным?
– Кеше, кешке келдім.
– Салт бардыңыз ба?
– Салт. Бірақ суық өтіп, меңдеп қалдым. Оқа емес, жолдастарды бір көру парыз еді, – деп жөтелі ұстады.
– Немене? Қалай көрінеді?
– Жақсы. Аса оқымыстысы алдымен келе қоя ма? Жеңіл қолдау біріне жолығып, екі сағат сөйлестім... – деп тағы жөтеліп қалды.

Жөтелі басылған соң, тасымалдап тағы сөйледі:

– Бұлардың ұстанған жолы, идеясы жақсы ғой, кейде пайдалы. Түбінде қазақ ел болатын болса, балшабектердің арқасында болады. тірі болсаң көрерсің. Мен көрмеймін ғой...

– Неге? Олай деменіз?
– Қызық заман ғой? Не керек... Өттен 10-15 жыл өмірім болар ма еді?...
Махмұттың көңілі бұзылмайын деді.

Қартқожа басқа сөзге жұбатқысы келеді.
– Семей не болып жатыр екен?
«Алашорда» қашыпты. Жастар жұмысқа кірісіпті. Бірсыпырасы камунес болыпты. Газет шығарыпты. Көрген жоқсын ба?

– Жоқ.
Жастығының астынан бір шумақ газеттерді алып жатыр.

– Жастар байғұс та бірдеңеге жарар білем: газеттері жаман емес.

Ел жұмысы иесіз қалмағаны жақсы болады... – деп газетті Қартқожаға ұсынды. Көп сөйлей алмады, жөтелі тағы қысты.

Қартқожа «Қазақ тілі» газетінің бір-екі нөмірін қарап, көңілді дауалап, Махмұтпен қош айтысты. Міне, Алаштың қос арысының сұхбат-сауалынан кешегі өткен заманның ауыр өткелі мен елдің болашағына келер жаңалықтарға ақ үмітпен қарағысы келетінін байқауға болады.

Сұлтанмахмұт қазақ әдебиетінде Абай дәстүрін жалғастырушы десек, біз оның қазақ поэзиясында өзіндік өрнегі, өзгелік тағылымы бар ақын екенін естен шығармауымыз шарт.

Ақын ұлы Абайдың көлеңкесінде қалып қойған жоқ, замана ұсынған көкейкесті, кезек күттірмейтін әлеуметтік мәнді тақырыптарды жырлауда, дәуір келбейтін жинақтау ниетінде жанрлық мүмкіншіліктерді барлауда Абайдан біршама ілгері кетті. Нақтылай түссек, «етімді шал сипаған күрт жесін деп» басын өлімге тіккен жас қыздың басындағы ауыр халді көтере отырып Абай:

Біреуі – көк балдырған, бірі – курай,
Бір жерге қосыла ма қыс пенен жаз, – деп мәселеге гуманистік позициядан қарады. Сұлтанмахмұт көптеген лирикалық өлеңдерін былай қойғанда, «Қамар сұлу», «Кім жазықты?» романдарымен қазақ әйелінің қоғамдағы орнын түбегейлі қозғанды, эпикалық планда саралай суреттеді. Ұнамды кейіпкері Қамар арқылы:

Тоқтау бер мұнан былай қазағыңа,
Шалдардың қызды салмай мазағыңа, – деп қатал үкім шығарды. Ғылым – білімге шақыру және әлеуметтік ортаға сын айтуды да Сұлтанмахмұт озықтығымен көрінді. Ол өзінен бұрынғы әдебиеттегі дәстүрлі формалармен қанағаттанбай, жиырмасыншы ғасырдағы әдеби процеске реалистік поэма, роман, рецензия, сын мақала, тағы басқа жанрларды батыл енгізді.

Сұлтанмахмұттың суреттеуінде халқымыздың ежелден өлеңді, өнерді қастерлейтін абзал қасиетті, туған жерін, әсем даласын, ел қорғар ерін жырға бөлеген ақыны жарасымды, нәрлі поэзияға айналған:

Және де ақындықтың бергені бар.
Сусынын қондырғандай адам жаны:
«Ер Тарғын», «Қобыландыны»

оқып байқа,
Абайды оқы: таңырқап, басың шайқа.
Ақындықтың қауыты есінді алып,
Бас алмастан оқырсың қайта – қайта.
Кешегі Бұқар жырау, Жанақ ақын,
Шөже, Орынбай халыққа жайған

даңқың.
Ахмет пенен Міржақып һәм Мағжан,
Алты алаштың баласы біледі атын.
«Қобыландыда» қазақтың кең заманы,
Жат қорқатын жауынгер ер заманы.

Айман ЗЕЙНУЛИНА,
филология ғылымдарының
кандидаты, профессор.
Жалғасы бар

ӨМІРГЕ ҒАЛШЫҚ СКАУТТАР

Қазақстандағы Скаут қозғалысының тарихын зерделеп қарасақ, еліміздегі бұл ұйым Павлодар қаласында дүниеге келіп, өркен жайғаны туралы бірі білсе бірі білмей жатады. Айтулы жастар қозғалысының іргесін қалап, алғашқы қадамдарынан жетелеп, бағып-қағып бүгінгі кемелді деңгейге жеткізген Қазақстан Скауттар қозғалысы ұйымының алғашқы президенті Виктор Деймунд Георгиұлымен сұхбатты қадірлі оқырман Сізге ұсынамыз.



мен салт-дәстүріне сүйене отырып қазақ жерінің ерекшелігін танытуды мақсат етті ұйымдастырушылар.

Ауа-райының қолайсыздығына қарамастан жоспарға алынған шаралардың барлығы жүзеге асты. Осы он күн ішінде қызық өте көп болды. ЕХРО күнінде жас скауттар ЕХРО-2017 жел генераторын құрып шығарды, «Табиғат», «Болашақтың энергиясы» атты бейне роликтер жасады. Ұлттық джамбори күні қатысушылар өздерінің ұлттық тағамдарын дайындады. Ал ең бай дастархан әрине қазақ дастарханы болды. «Ата-баба жолымен» саяхаттауға шыққан күні скауттар қазақ жерінің әсемдігіне көз тоймай, жергілікті жердің аңыздарына қанық болды. Абылай хан жазығы, Оқжетпес, Жұмбақтас, Апалы-сіңлі үш ару, Көкше сынды табиғаты керемет жерлердің көркем танысты. Қатысушылар тағы бір күні топтарымен тимбилдинг сияқты ойындармен қызықты уақыт өткізді. Онда скауттар этноауыл бағдарламасы аясында қазақ халқының дәстүрлері, ұлттық ойындары, айтыс, домбыра мен қобыз үнімен, спорттық ойындары мен нағыз қазақ тойымен танысты. Олар қазақтың ою-өрнектерінің мәніне үңіліп, өз қолдарымен ұлттық көрпелер тікті. Әр күні таңды 500 қатысушы таңғы жаттығу орнына Қара жорға биін билеп атырды. Күнделікті кішігірім топтарда КВН, шығармашылық кештер ұйымдастырылып, кешкі алауда әуезді әндер айтылды.

– **Естүімізше, скаутинг – таңдаулылардың ісі. Бүгінде скаут мүшелері кімдер? Скаут болуы үшін қандай талап қоясыздар жастарға?**

– Скауттар кімдер? Өз өмірін ерікті түрде қоршаған ортаны танып-білуге, басқаға көмекке әрдайым даяр болатын, өзінің қабілет-қарымын жетілдіретін адам. Жақындарына көмекке асық, өмірге ғашық жандар. Естеріңізде болса, пионерлердің «Әрқашан дайын бол! Әрқашан дайынмын!» ұранының төркіні де осы скауттардан келеді. Кеңестік балалар ұйымдарын ұйымдастырушылар ұраннан өзге көптеген дүниелерді дәл осы скауттардан алған.

Ұйым есігі ұлты мен діни сеніміне қарамастан әрбір бүлдіршін мен жастарға ашық. Скауттық басты ережеге сай қозғалысқа мүше болған адам скаут заңдарына бағынып, ант береді. Олардың берер уәдесі скаутингтің бүкіл құрылысына саятын үш қағидадан тұрады. Олар: Құдай, Отан мен қоршаған орта, өзіңнің алдындағы парыз. Алайда, бұл ұйым діни емес, ерікті жас балғын барлаушылар ұйымы екенін ескертеміз.

– **Тартымды да танымды әңгімеңізге рахмет!**

Сұхбаттасқан Жанар ЕЛЕШОВА

– **Скаутинг дегеніміз не және ол елімізге қалай келді?**

– Скаутингті бір-екі ауыз сөзбен айтқанда бейресми білім беру жүйесі деп айтуға болады. Скаутингтің өз үдерісі мен әдістері болатыны белгілі. Бұл жүйені бриллианттық жүйе деп атасақ аздық болмайды. Өйткені, өз басым скауттар ұйымының теңдессіз жүйесіне жақын келетін бірде-бір жүйені кездестірмедім. Әлемдегі көптеген балалар мен жасөспірімдер ұйымдарының әдістері мен міндеттері осы скаутингтік жүйеден алынғаны белгілі. Кеңестік пионер ұйымының да негізгі қағидалары осы скауттардан көшірілген.

Сонымен скаутинг дегеніміз не? Скаутинг балалар үшін – өзіне беймәлім әлеммен танысатын, жақсы мен жаманды айыратын, тұрмыстық қиындықтармен күресуге үйрететін өмірлік мектеп. Демек, скаутинг – балалардың өмір салты. Ата-аналар үшін бұл орта – балаларының жан-жақты өсуіне ықпал ететін танымдық мектеп. Баласының қабілет-қарымын арттыруына, әрі сенімсіз уақытта сенімді достар табуына жол сілтейтін орта.

– **Еліміздегі скауттар ұйымының Павлодардан басталуының сырына қанық етсеңіз.**

– Ия, Қазақстандағы Скаут қозғалысы Павлодар қаласынан бастау алды. Қазақстан Скаут қозғалысы ұйымы 1989 жылы Павлодар қаласындағы кеңестік уақыттан бергі жасөспірімдер әскери ұйымдарының негізінде құрылған деп айтсам қателеспеймін. Ал Қазақстандағы Скаут қозғалысының негізі ресми 1992 жылы қаланды. Қазақстандағы Скаут жастар ұйымының бас штабы Павлодар қаласында болды. Ал, былтырдан бері Қазақстан Скауттар қозғалысы ұйымының бас штабы Астана қаласына ауысты. Ұйымның іргетасы қаланған күннен бері ыстығы мен суығына төзіп, басы-қасында жүрдім. Алғашқы қадамдар жасаған күннен бері көп шаруалардың басын қайырды. Содан бері айтулы қозғалыс мүшелері республикамыздың қоғамдық өміріне белсене атсалысып жүріп, еліміздегі ең ірі жастар ұйымына айналды. 2008 жылдан бері Қазақстан Скаут қозғалысы ұйымы Бүкіләлемдік Скауттар қозғалысы ұйымының мүшесі атанды, сондай-ақ ұйым берік халықаралық қарым-қатынастарға ие. Мәселен, Ресей, Украина, Малайзия елдерінің скауттық ұйымдарымен ұзақ мерзімді серіктес екенімізді мақтан етеміз. Сондықтан бүгінде Еуразиялық, Жаһандық скауттық қозғалыстарға белсене атсалысып, дүние жүзілік скауттар ұйымдарымен сенімді серіктес болдық. Бүгінде орнымды жастарға беріп, өзім қазақстандық скауттық жастар қозғалысы жайында еңбектер жазып, басқа да мәселен, Қырғызстан секілді елдердегі скауттық қозғалыстың дамуы мен халықаралық танылуына жәрдемдесіп жүрмін. Біз оншақты жыл өткерген жолды қырғыздар бір-екі жылда игеретіні мені қуантады. Жиырма жылдан аса скауттық ұйымда, кеңестік кездегі балалардың бос уақытын қамту саласындағы көп жылғы еңбегімді бағамдай келе, бұл салада жас ұрпаққа айтар ақылым да кейінгілерге өнеге болатын естеліктерім де бар деп ойлаймын.

– **Кез келген ұйымның нысанға алған мақсат-міндеттері болатыны белгілі. Сіздер қандай мақсатты тү-**

тасыздар?

– Өлбетте нысанға мақсат қойып, сол мақсатқа жетелейтін міндеттерді атқармай зор табысқа кенелу де мүмкін емес. Басты мақсатымыз жан-жақты дамыған, ерік-жігері күшті, саналы, жауапкершілігі зор қоғамның мүшесін тәрбиелеу. Қысқаша айтқанда, Скаут қозғалысы – жастардың жан-жақты дамуына қоғамдағы лайықты орынын табуына жол ашатын орта. Оған скауттық әдістер яғни, бейресми білім беруді негізге ала отырып таза ауа, тәжірибелік сабақтар арқылы жетуге әбден болады. Бізде мұны «Іс арқылы білім алу» деп атайды.

– **Бір кездері кеңестік үкімет дәуірін құрған уақытта «пионер», «комсомол» деген ұйымдар болды. Бүгінде «Жас ұлан», «Жас қыран» міне Скаут қозғалысы ұйымы турасында естіп жүрміз. Осы ұйымдар кеңестік ұйымдардың бір кездері балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын 100 пайыз қамтығандай бүгінде қамти алуда ма?**

– Әрине «Жас қыран», «Жас ұлан» ұйымдары билік тарапынан қолдауға ие. Бізді мемлекет қолдамайды дегеннен аулақпын. Алайда, заң тарапынан біз әзірге мектеп табалдырығын аттай алмаймыз. Балалардың бос уақытын қамту бағдарламалары аясында Қазақстан Скауттар қозғалысы ұйымы көптеген игі істермен шұғылданып келеді. Осы тұста Малайзияның балалардың бос уақыт қамту жүйесін айтып кеткім келеді. Онда мектеп оқушысы міндетті түрде бір балалар ұйымының мүшесі болуы тиіс. Бұл елде мектеп бағдарламасына скауттық қозғалыс енгізілген. Сондықтан да бүгінгі күні скауттық қозғалыс Малайзияда өркен жайып келеді

– **Жуырда Қазақстанның Скаут қозғалысы ұйымының ұйымдастырушымен Бурабайда Скауттардың Халықаралық слеті – Джамбори өтті. Жалпы Джамбори дегеніміз не? Қазақстанда өткен бұл жиын төңірегінде оқырманмен ой бөліссеңіз.**

– Осы жылдың 20-29 шілде аралығында Бурабайда Халықаралық скауттар слеті – III Джамбори өтті. Бұл жиында Қазақстан, Ресей, Грузия, Беларусь, Азербайжан, Армения, Малайзия, Жапония, Ұлыбритания, Гонг-Конг, Германия, Венгрия, Молдова елдерінің скауттары бас қосты. Халықаралық слетке Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен Қазақстан Скаут қозғалысы ұйымы мұрындық болды. Жалпы Еуразиялық аймақтың скауттары төрт жылда бір шатырлық қалашықта жиналып, бір-бірінің жаңалықтарымен бөлісіп, сағыныштарының мауқымын басады. Алуан түрлі ұлттар арасындағы достық та ұлт аралық келісім де осы жерде орнайды. Биылғы Джамбори ойынының тақырыбы – «Көшпенділер: тұрмысы мен дәстүрлер тарихы». Неліктен халықаралық ойын осы тақырып аясында өтті деген сұрақ оқырманды мазалауы мүмкін. Өйткені, слет Қазақстанда өтті. Еуразиялық кеңістіктен жиылған скауттарды қазақ ұлтының бай мәдениеті, тағылымды дәстүрі мен болмысымен таныстыруды жөн көрдік. «Көшпенділер» тақырыбын арқау еткен слет барысында халық эпостары, көшпенді тайпалардың тарихы, тұрмысы

✍ СЕН БІЛЕСІҢ БЕ?

Скауттар туралы қызықты деректер:

Скауттардың таңбасы – лала (үш жапырақты) гүлі. Лала гүл Скауттар қозғалысының туылған күнінен бастап айтулы ұйымның басты нышанына айналған көрінеді. Бүгінде белгілі нышанын әлемнің 16 миллион скауттары қолданады. Лала гүлдің үш жапырағы скауттар антының Құдай, жақындары мен өзі алдындағы үш уәдесі ретінде бейнеленеді.

Скауттық отшашу скауттардың арнайы киім киіп тұрып салтанатты жағдайларда, яғни, ұлттық туды көтеріп, түсіргенде, скауттық ант бергенде шашылады. Осы рәсім кезінде скауттық белгі айырықша орынға ие. Скаут оң қолын иығына дейін көтеріп, бас бармағы мен кіші саусағын қосып, кейде жасына қарай сұқ саусақты қосқанда үш саусақты біріктіреді. Үш саусақ скаутингтің негізгі үш қағидатын білдіреді. Үлкен мен кіші саусақтың қосылуы үлкендер кішіге қамқор болатынын айқындайды.

Скауттық жалаушалар әр топтарда болады. Патруль, жасақ, аймақтық, ұлттық скауттық қозғалыс топтарының да жеке тулары болады.

Топтың ұраны қарапайым да қысқа, ортақ көңіл-күйді, әрі ортақ істің мақсаттарын бейнелеуі тиіс.

Скауттық галстук скауттық топтарды ерекшелендіретін міндетті атрибуты. Галстук еліне, аймағына, қала нышаны мен туына, ұйымның атағына, топ мүшелерінің жынысына қарай түсі әртүрлі болуы мүмкін. Скауттық галстук арнайы – достық түйінімен байланады. Кеңестік дәуірдегі пионер галстуктерінен ерекшелігі скауттық дәстүрге сай галстукпен жараны таңуға, ыстық қазанды оттан түсіруге, галстукті қорғаныс ретінде алақанға таңып арқан тартуға әбден болады екен.

Скауттық төсбелгіні скауттар өздерінің арнайы киімдеріне тағады. Төсбелгі скауттық мамандықтарындағы жетістіктерін паш етіп тұрады. Мысалы, асханадағы, жедеп-жәрдем, спорттағы т.б. жетістіктерді көрсетеді.

Скаутша қол алысу. Дүние жүзінің скауттары сол қолымен қол алысады. Бұлайша амандасу екі скауттың бір-біріне деген сенімі мен ерекше достығын білдіреді. Африкалық тайпаларда сенімді адамдармен амандасу кезінде оң қолындағы найзаны жерге қадап, қалқанын сол қолынан оң қолына алмастырып сол қолымен қол алысатын болған. Яғни, сол қолымен алысқан адамға қолында қару жоқтығын көрсетіп, сенімін білдірген.

Скауттардың заңдары: Скаут Құдайға, Отанына, ата-аналары мен басшыларына адал.

Скаут кім?

Скаут адал және шыншыл.

Скаут жақындарына көмектесуге дайын.

Скаут әрбір скаутқа дос және бауыр. Скаут ата-анасы мен басшысының тапсырмасын орындауға әзір.

Скаут сыпайы және қызмет етуге даяр.

Скаут жануарлар мен табиғаттың досы.

Скаут үнемшіл және бөгденің мүлігіне ұқыпты.

Скауттың ойы, сөзі, ісі, ықласы мен жаны таза.

Скаут еңбекқор және табанды.

Скаут көңілді және қиын жағдайларда өз ұнжырғасының түсуіне жол бермейді. Скаут қарапайым.

Әрқашан дайынмын!

Скауттардың ұраны – «Әрқашан дайынмын!» Бұл ұранның пайда болуы скауттық қозғалыстың патриоттық мінезін туындаса керек. Скауттық қозғалыстың Көшбасшысы Баден Пауэрл баспасөз бетінде жарияланған бір мақаласында былай деген: «Тіпті талап етілсе уақыт келгенде үйлеріңнен шығарда өміріңнен айырыласың ба жоқ па деп ойға да алмай сенімді түрде Өз Отаның үшін жаныңды беруге дайын бол!»

АЙЛАНЫШ БЕКБОЛҚЫЗЫ,
С. Торайғыров атындағы ПМУ студенті

Тіл құдіреті

Тіл — қай ұлттың болмасын тарихи мен тағдыры, тәлімі мен тәрбиесінің негізі, қатынас құралы. Тіл болмаса сөз болмайды. Сөз болмаса адамзаттың тірлігінде мән-маңыз болмайтыны белгілі. Демек, тілдің, сөздің орны ерекше. Міне, осы орайда ана тіліміз жайлы терең ойлану әрқайсымыз үшін парыз. Жыл өткен сайын ана тіліміздің тәртебесі өсіп, абыройы арта түседі.

Тіл — халықтың жаны. Тілі құрыса, халық та жер бетінен жоғалады. Адамзат тарихында көптеген өркениетті елдердің өшіп кетуі алдымен тілді жоғалтудан басталғанын ғылым дәлелдеп отыр.

Халқымыздың аса бай рухани қазынасы — туған ана тіліміз. Ол — қазақ тілі. Қазақ тілі — өзінің даласындай кең пішілген жайдары да жалпақ тіл. Қазақ сөзі қашанда даланың қоңыр желіндей аңқылдап еркін есіп тұрады. Қазақ тілінің биязы мақамы — домбыраның күмбір қаққан сазындай. Асқан әуезділігі — шырқап салар әндей. Туған тіл біздің бірінші бақытымыз, бірінші ырысымыз, біз сондықтан оны «Ана тіліміз» дейміз. Қазақтар өз тілін Ананың тілі деп ерекше құрметтейді. Басқа тілді білу — әрине, мақтаныш. Өйтсе де өз ана тілін аяқ асты етуге болмайды.

Ана тілің — арың бұл,
Ұятың боп тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте, — дейді талантты ақын Қадыр Мырза Әлі ағамыз.

Ана тілі дегеніміз — сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың өткені, бүгінгісі, болашағы. Ана тілін біз кішкентай кезімізден әке-шешемізден, әжеміз бен атамыздан біле бастаймыз. Ана сүтіндей бойымызға біртіндеп сіңеді. Халықтың тәуелсіздігінің ең басты белгісі — оның ана тілі, ұлттық мәдениеті. Өзінің ана тілі, ұлттық мәдениеті жоқ ел өз алдына мемлекет болып өмір сүре алмайды. Дүниедегі барлық халық тәуелсіздікке ұлттық қадыр-қасиетін, мәдениетін, ана тілін сақтап қалу үшін ұмтылады.

Сондықтан кез келген мемлекет өзінің аумағында салт-дәстүрін, ана тілін айрықша қорғайды. Еліміз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін ана тілімізге мемлекеттік мәртебе берілді. Тіл туралы заң қабылданды. Президентіміздің 2003 жылғы 15 қарашадағы жарлығымен қыркүйектің үшінші жексенбісі Қазақстан Республикасы халықтары тілдерінің күні ретінде атап өтілетін болды.

Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына байлайды. Себебі не? Себебі, тіл — халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, ұлттық болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін — ана тілі мен ата дәстүрі. Тіл — жеке адам ойлап тапқан туынды емес, ол барша ұлтқа ортақ, соның төл перзенті. Сол халықтың мәдени әлеуметтік өмірінде өзіндік мәні бар киелі ұғым.

Тіл — атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Тіл — еліміздің іргетасы. «Ұлттың қуаты тілінде». «Тіл — өлшеусіз қазына, өрісі кең әлем». «Тіл — асыл ойдың бұлағы». «Тіл — құдірет». «Тіл — тәуелсіздік тұғыры». «Тіл — ұлттың жан дүниесі».

Тіл құдіреті — ерекше. Оның бітпесті бітіретін, жетпесті жеткізетін, үзілгенді жалғайтын мүмкіндігі бар. Бір ауыз сөз опық жегізіп, өмір бойы өзегінді өртесе, бір ауыз орынды айтылған сөз жадында жатталып, бақытқа жеткізеді.

Тіл — ұлттың жан дүниесі. Расында қазақ халқының басында талай қиын нәубет, зұлматтың, қайғылы күндердің болғаны тарихтан белгілі. Сондай ауыр сәттерде, сын сағаттарда атамекен қонысын тастап босқан халықтың өзімен бірге алып жүрген байлығы — ана сүтімен санасын дарыған ана тілі ғана.

«Тәрбие басы — тіл» деген осы күнге дейін мән-мағынасын жоғалтпаған қанатты сөз XI ғасырдың ұлы ойшылдарының бірі Ахмет Йүгінекидің есіміне қатысты. Үзілмей келе жатқан осындай даналық дәстүрінің жалғасын біз бүгінгі ұрпақтан да көреміз. Ана тіліміздің айтып жеткізуге болмайтын асыл қасиеттерін тап басып танып, қанатты сөздерге айналдырған зиялыларымыз да баршылық.

Бүгінгі қазақ тілінің тағдыры мен болашағы Елбасын аз толғандырып жүрген жоқ.

Сондықтан да болар Елбасының «Қазақстанның болашағы — қазақ тілінде», «Ана тілі — бәріміздің анамыз, өйткені ол — ұлтымыздың анасы» деген сөзі бар.

Қай қоғамда да тіл мәселесі болатыны белгілі. Біздің ұлтта да тіл өзекті мәселе болып отыр. Қазақстанда қазақ тілі — мемлекеттік тіл. Солай бола тұрса да бізде қазір көптеген қазақтар отбасында, сыртта, қоғамдық орындарда орысша сөйлеп, қазақ тілінің сөйлеу өрісін тарылтып, қолданылу аясын әлсіретеді, тіпті жоғарғы жақтағы басшылардың өздері өзге тілінде сөйлейді, қазақша сөйлегеннің өзінде шұбарлап сөйлейді. Басты кемшілігіміз — осы. Қазір көптеген жастар ана тілін дұрыс білмейді. Ауылдық жерде жақсы, қалалық жерлерде тіл құнарлылығы сұйыла түскенін аңғарып жүрмін. Қазақ тілінің жанашыры болған сатирик ақын Шона Сымаханұлының бір шумақ өлеңінде осындай жағдайды сипаттайды:


Қазіргінің баласы,
Көп білем деп көкиді.
Әкесінің жазғанын
Аудармадан оқиды.

«Ұлттың тілі — ұлттың ділі» демекші, қандай ұлт пен ұлыс болмасын ең басты байлығы — ана тілі. Тілін жоғалтқан халықтың жеке мемлекет болып басқа елдермен терезесі тең дәрежеде тұра алмайтындығы тарихтан белгілі. Сондықтан сан ғасырлар бойы арман болған тәуелсіздігімізге қол жеткізіп, егеменді ел болып жатқан сындарлы кезеңде мемлекетіміздің нышаны ана тілімізді бүкіл тіршілігіміздің түп қызығына айналдыру — әрбір ұлтжанды азаматтың басты міндеті. Ата-бабамыздан қалған асыл қазына тілімізді сақтаудың тиімді жолы — отбасында ана тілінде сөйлеп, айналадағы дүние туралы сол тілде айтып, сол тілде қуаныш ренішінді бөлісіп, өзінді, өзгені жұбату болып табылады. Бұл — ана тілінің қадір-қасиетін арттыра түсері даусыз. Өз тілің өзге тілді үйренуге басты тірек екенін белгілі. «Тілден асқан байлық жоқ» тон-торқа, мал-мүлік, алтын-күміс байлығы түпкілікті емес. Күндердің күнінде сарқылады, тозады. Халықпен бірге мәңгі жасайтын тіл байлығы екенін ұмытпайық.



Ұмытпаңдар баба ерлігін!

Тұнығындай теңіздің терең ойлы,
Асқар таудай алдына мақсат қойды.
Алып күштің иесі бабаларым
Ұрпағы үшін тарихын тасқа ойды.
Терең ойды берген Алла бақ үшін
Бос кетпесін бес күнің мен бар күшің
Бабалардың жалындарын тереңнен,
Ерінбестен аш парақтап дәл бүгін.
Күлтегін бір атадан екеу екен,
Ағасын құрметтеумен өткен екен.
Айбынды әскерге қол басшы боп,
Халқына мол мұрасы жеткен екен.
Тоныкөк ақылымен жау жайратқан,
От тілімен талайлардың дауын шешкен
Бір басына аз болған жетпіс өнер,
Көп білсе де көрмеген оны мақтан.
Серік етіп қобызын күңіренген,
Өлемін деп өмірден түңілмеген.
Қорқыт ата халқының жүрегінде
Күйлерің тең жасаған бүгінменен.
Қият атып мергендікпен танылған,
Оғыз бабам елің саған табынған.
Алты ұлың алты арыстай сүйеу боп,
Қиын сәтте дәл жаныңнан табылған.
Тарихыңды жатта алтын санаңа,
Ертеңіңмен бүгінгіңді бағала
Елінді емес тек өзінді ойласаң,
Жем боласың түнек құсы қарғаға.
Үміті от жас ұрпағың жалынды,
Тоқсан бірде тәуелсіздік алынды.
Жиырма жылдық мерей тойың мінекей,
Туған елім қуып жеткен сағымды.
Қиын күндер өтті талай басыңнан,
Жалынды жастар табылды сонда қасыңнан.
«Жүк ауырын нар көтерер» демекші,
Нұр амамыз тіреу болды жасынан.
Қазақ атын арқаладық айбынды,
Ақиқат қой басқа біреу түсінбесі қайғынды.
Жүрегі ұшса қорқыныштан қалтырап,
Аққу құста оралмайды, тастап кетер айдынды.
Ризамыз бабаларға қайратты,
Қас дұшпанын от тілімен жайратты.
Келер ұрпақ еншісіне бүгінгі,
Қазаныңда мол мұрасын қайнатты.
Ұмытпаңдар, сол жырлаған дастанды,
Елім деп туған боздақтар мен бостанды.
Тәуелсіз ел берік болсын босаған!



ЖАҢАНЫҢ БАҒЫНШЫРҒАН

МЫСЫҚТАР

Мысық таң-
ғажайып жануар. Қазақ жануарларға тал-
ғампаздықпен, аса бір төзімділікпен қарайды. Талғампаздығы
сол, кез келген малғұнды ошақ қасына жақындама бермеген қазақ мы-
сықты неліктен босағасынан аттатты екен? Адам мен мысық екеуі 6 мың
жыл бұрын танысқан екен. Алайда, бүгінде 9000 жылдық бұрынғы көне дәуірлік
кезең еңісіңдегі кішкентай мысықтардың сүйегі мен адам қаңқасы та-
былды деген деректер де бар. Мыңдаған жыл бірлесе өмір сүріп келе
жатса да мысық сиқыр мен құпияға толы тәуелсіз
тіршілік екені рас.

МЫСЫҚТАР ШЫНЫМЕН СИҚЫРПЫ ЖАНУАР МА?

Мысыққа байланысты наным мен ырымдар бүгінгі күн-
ге дейін біздің өмірімізден көрініс тапқан. Мысалы, мы-
сырлықтар мысық жануарын қастерлеп, оны бұл дүние
мен о дүниені жалғастырушысы деп қадір тұтқан. Мы-
сықтың нендей қасиеттеріне бола қастерлеп, ай ханша-
йымы Бастетке балап, оған арнайы сарай салдырғанын
кім білсін. Мысырлықтар перғауынның соңғы сапарында
құрмет көрсетілетіндей, киелі жануарларын да балы-
замдап, арнайы саркофагтарға салып, құрметпен ана
дүниеге шығарып салған екен. Жапондықтар да мы-
сықты өздерінше қастерлейді. Күншығыстықтар да мы-
сықтардың құрметіне Манеки-Неко храмын салдырған.
Мәселен тасбақа түстес мысықтың мүсіні ақша шақыра-
ды деген ниетпен баспанасының көрнекі жеріне қояды.
Күншығыс елінде қайтыс болған бабаларының жаны мы-
сықтарға ауады деген сенім бүгінгі күнге дейін сақталған.
Ал, орыс халқы жаңа үйге қоныстанбас бұрын үйіне әуелі
мысықты кіргізген. Мысық үйді жаман күштерден тазар-
тады, олар адам көзіне көріне бермейтін тылсым дүниені
көріп, сол дүниемен байланыс орнататынына сенген.
Ғылыми тілмен айтқанда мысық үйдегі теріс энергиясы
көп жерді арнайы тандап алып, жағымсыз қуатты әлсі-
рететін көрінеді. Бұл қасиеттердің барлығы да мысық
болмысының құпиялығын арттыра түсіретіні рас. Осы
уақытқа дейін мысық тышқан аулау үшін жаратылған деп
ойлап келгеніміз даусыз. Алайда, өзі мекендеген баспа-
наны жамандықтан тазартып, ондағы тыныштық пен бе-
рекені сақтау негізгі міндеті екеніне ғалымдар бізді илан-
дыруда. Осы сынды теорияның қаншалықты шындыққа
жанасатынын білу мақсатында заманауи ғалымдардың
зерттеу жұмыстарына үңілсек.

ТӨРТ АЯҚТЫ ЭКСТРАСЕНСТЕР

Ғалымдардың айтуынша мысықтар сезімдік емес қа-
былдаумен, яғни, халық арасында мысықтың «үшінші
көзі» бар дегенмен ерекшеленеді. Ішкі сезімдік қабыл-
дауды зерттеуші ғалым Джозеф Венк Райн ұзақ уақыт
бойы зерттеу жұмыстарынан кейін мысықтарда пара-
нормалды қабілет пен телепатиялық көріпкелдігі барын
анықтады. Олар қожайыны тап болатын қауіпті, жаман-
дықты алдын-ала сезетін қасиетке ие. Кейіннен Нобель
сыйлығының иегері Нико Тинберген мен оның әріптесі
Роберт Моррис мысықтардың психокинезді қолдана білу
мен көріпкелдік қабілеттілігі барын дәлелдеп шықты.
Қауіпті алдын ала сезетін жануарды кемелер, тұңғық ке-
мелер т.б. қауіппен байланысы бар жерлерде мысықты
ұстау – өмір талабына айналғалы қашан. Мәселен, екінші
дүниежүзілік соғыс кезінде төбеден жаудырған бомба-
лардан мысықтар иелерін құтқарғаны туралы деректер
көп-ақ. Қауіпті сезінген жануар бүктетілген күйі жатып
алады екен. Мысықтың апатты жағдайды сезінетін қабі-
леті үшін Европада тіпті «Біз де Отанға қызмет етеміз»
деген марапатты көптеген адам өмірін сақтап қалған мы-
сықтарға ұсынған. Олар қауіпті ғана емес, ауа райының
өзгерісі, қонақтың келуін де сезеді екен. Немістің атақ-
ты биохимигі Хельмут Трибуч мысықтар оң зарядталған
иондар мен атомдарды атмосферада ұстап, адам құла-
ғы естімейтін айналадағы магниттік кеңістіктегі кішкене
ғана өзгерістер мен дауыстарды қабылдай алады деген.
Сезімтал жануарды зерттеп жүрген мамандар мамық
жануарды адам мен адам санасы қабылдай алмайтын
кеңістік арасын жалғаушы деп түсіндіреді. Дегенмен, біз
бұл қасиеттерді нақты көре де, сезе де алмаймыз. Мы-
сықтың ерекше қасиеттері жөнінде тек жорамал жасай-
мыз. Сондықтан да, мысық қабілеті өткен жүзжылдықтың
құпияларының бірі болып қала бермек.

МЫСЫҚ АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ПАЙДАЛЫ

Жануарлардың адамның көңіл-күйіне жағымды әсер
ететіні сонау Гипократ заманынан белгілі. Адам мен жа-
нуар өзара қарым-қатынасқа түскенде биоэнергетика-
лық байланыс орнайды. Үй мысығының қожайынының
ауырған жеріне жатып алуының өзіндік бір себебі бар
екен. Емші жануар өзінің емдік қасиетімен ауруға әсер
ете алады. Бүгінде медицинада «анималтерапия» деп
аталатын салада адамдарды мысықпен емдеуге құлаш
жая кіріскен. Мәселен, адам науқастанған кезде ағза-

сындағы ауыра-
тын дене бөлігінде
энергиялық әлеует
өзгереді, ал бұл өзгерісті
мысық сезеді. Мысық ауырған
тұсқа орналасып, пырылдаған күйі бар
энергиясын, жылуын жұмсайды. Мысықтың биоөрісі жү-
рек жұмысын қалыпқа келтіреді, шаршағанды басады,
қан қысымын қалпына келтіреді тамыр және бас ауруын
жазады. 20-50 герцке дейінгі белгілі дыбыс толқында-
рынан тұратын оның мияуы адам ағзасының қорғаныш
күшін арттырады, ұзақ өмір сүруге ықпал етеді, жараның
жазылуын тездетеді, сүйек тығыздығын арттырады. Мы-
сықты сипалау кезінде әлсіз тоқ арқылы электростатика-
лық әсер беріп, саусақ арқылы миға белгі жетеді. Ғалым-
дардың пайымдауынша, мысықтардың төмен желілік
нүктелері олардың мамық та нәзік жүндеріне байланыс-
ты. Мысықтың мамығын бірнеше минут сипалаған адам
инфаркт, инсультке шалдығу қауіпі кемиді, талмалардың
алдын алады, инфаркт миокардының қайталанбауына
әсер етеді, ас қорытуды қалпына келтіреді, микробтар-
ды өлтіреді, қан айналымының жақсаруына себеп бола-
тындығын ғалымдар дәлелдеген. Ал, Батыс дәрігерлері
мысықты есірткі мен ішімдікке қарсы дауа ретінде де
пайдалана бастаған. Қара мысық адамның бойында-
ғы жағымсыз энергияны басқа мысықтарға қарағанда
көбірек сіңіреді екен. Сары мысықтар өздері жағымды
энергия бөледі, ал аспан көк түсті мысықтар тыныш-
тандырады. Аппақ мысықтардың бойында емдік қасиеті
көп болғандықтан, Ұлыбританияда олар дәріханаларда
сатылады. Берлин ғалымдарының зерттеу нәтижесі бой-
ынша үйінде мысық ұстайтын адамдар мысық асыра-
майтындарға қарағанда 10,3 жыл артық өмір сүретінін
дәлелдеген.

МЫСЫҚТЫҢ БИІКТІКТЕН ТӨРТ АЯҚТАП ТҮСУІ

Бұл құпияның сыры мысықтың ауада
айнала түсіп, жерге төрт аяқтап түсуінде
болып отыр. Алайда, бұл координация-
лық қозғалыстың арқасында болатын құ-
былыс. Мысыққа өзіндік балансты ұстап
тұруы үшін, сол балансқа кепіл беретін
оның ішкі құлағы көмектеседі. Мысық-
тар төртінші қабаттан секіріп кейбірі өліп
кетіп, керісінше кейбірі 7 қабаттан секіріп
аман қалуы мүмкін. Мысықтардың қандай
биіктіктен секіртсе де төр аяқтап түсетіндігі
жайлы мәлімет тым әсірелеп айтылған
дейді феолинологтар.

МЫСЫҚ ТАБИҒИ АПАТТАРДЫҢ БОЛАРЫН СЕЗЕ МЕ?

Мысықтар жабайысы болсын,
мейлі үй мысығы болсын жер «ха-
бар» беретін сейсмикалық белгі-
лерді ұстай алатыны
а н ы қ .

Оған
д ә л е л
жер сілкінісі
алдында мысық-
тар өздерін қоярға
жер таба алмай кететіні
туралы деректер көп. Су
тасқыны кезінде мысықтар
ең биік жерге шығып кетеді. Ал,
өрт, газбен улану сияқты апаттар-
да өздерін қорғай алмайды. Тіпті
терезеден секіріп кету қабілеттілігі
де бұл апаттарда іске аспайтын көрі-
неді. Өйткені, олар кез келген улы иістер-
ге, яғни, газдарға қарсы төтеп бере алмай,
ұйықтап кетеді.

ҮЙДІҢ ҚОРҒАУШЫСЫ

Мысық үйді жамандық пен кесел-
ден, зұлым күштерден қорғайды.
Мамық жүнді жануар тышқандар-
ды аңшылық қабілетінен айы-

рылып қалмай және баға жетпес тәуелсіздігін жоғалтып
алмас үшін аулайтын көрінеді. Көзден сақтайтын қа-
сиетін білгендер үйіне қара мысық ұстайды екен. Олар
басқа мысықтарға қарағанда негативті энергияны жоюға
үстемдігі мол. Мамық жануар адамға басқа жануарлар
секілді адалдықпен қызмет етпейді. Турасында өзімен-
өзі, жеке жанымызда жүреді. Мысықтан адалдық пен
сенімділік іздеу қателік. Алайда, сіздің үйге қауіп төнген
уақытта мысық әрдайым қасыңыздан табылатынына
сеніңіз. Иесінің жағдайы ауыр болғанын сезінсе, мысық
қожайынынан ұзақ уақыт бойы алыстамайды.

МЫСЫҚ ПЕН ӘЙЕЛДЕР

Көне дәуірге тән суреттерде мысықтар әйелдердің жа-
нынан табылады. Христиан, исламдық діндерге дейін
мысықтар әйел бейнесімен байланысты тәңірлермен қа-
тынасы болғаны мәлім. Мысырлықтардың Бастет, грек-
тердің Артемиды, римдіктердің Дианасы, скандинавтар-
дың Фрейясы мысық бейнесінде немесе осы жануармен
байланысы болған. Христиандық дін дәуірін құрған ел-
дерде мысықтардың рөлі кемігені анық.

ЭКЗОТИКАЛЫҚ ЖАНУАР

Үй мысықтары әлемде өз орнын адамның қасынан тап-
қан бірден бір жануар. Малғұндар арасындағы адамның
баспанасына қожайынның өз еркімен кіргізілген мысық
қана. Адам мен мысықтың кездесуінен яғни, көне мысыр-
лық уақыттан бері мысықтар әлемді бағындыра бастады.
Мысықтарды қорғап, қастерлеп, аялап жүрген мысыр-
лықтар бұл жануарды саудалауға тыйым салған. Ал-
ғашқы мысық Жерорта теңізінің жағалауына көнерімдік
легиондар арқылы заңсыз түрде жеткізілген. Олар мы-
сыққа ерекше экзотикалық жануар ретінде қызығушылық
танытқан көрінеді. Ал, дәнді-дақылдарын тышқандардан
сақтап қалу үшін олар күзендерді қолданған. Мысықтар-
дың күзет саласынан ойып орын алуы үшін 900 жыл уа-
қыт керек болыпты.

Түйін. Ежелден бері мысық адамды жағалап жүр.
Ол сырға толы басқа әлем мен мына жалғанды
жалғастырушы жануар ма? Белгісіз. Дегенмен,
оны құпиялы мен таңғажайыппен байланыс-
тырғысы келетіндер көп-ақ. Расында, мы-
сық Жаратқанның келесі таңғажайып
жаратылыстарының бірі ғана болар.

Жанар ӘБДІҚАЛИҚЫЗЫ



ШЫҢҒЫСХАННЫҢ АЛТЫ АУЫЗ СӨЗІ

МӘУЕЛІ СӨЗДІҢ ТӨРКІНІ



1 Егер ұлдар әкесінің жолын қумаса, інілері ағасының сөзін тыңдама, күйеуінің әйеліне сенімі болмаса, әйелі күйеуін жүре тыңдаса, ежелері келіндерін ұнатпаса, келіндер ежелерін құрмет тұтпаса, ұлы адамдар қорғансызға пана болмаса, пақырлар даналар

сөзін құптамаса, басшылар қызметкерлерінің жүрегіне жол таппаса, айналасындағы адамдарды соңынан ерте алмаса, игілікті басқа жандардан мол игеріп, байыған адамдар басқалардың да баюына көмектесіп, қол ұшын бермесе, басқа халықтың әдет-ғұрпы мен заңына, ақыл-парасаты мен адамгершілігіне менмендікпен қараса, мемлекет тәртібін мойындамаса, ондай елде ұрылар мен суайттар, қылмыскерлер мен басқа да бұзық жолға түскендер өз Отанының басына қара түнек орнатады. Басқаша айтқанда, ол елдің байлығы ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетеді, жылқылары мен табындарының тыныштығы бұзылады, жорыққа мінген аттары зорығып өледі, сөйтіп бүкіл халық түкке тұрмайтын дәрменсіз бейшараға айналады.

2 Егер әркім өз пиғылын арамдық ойдан тазартатын болса, бүкіл ел ұры-қарыдан, зиянды әдеттен пәк болар еді.

3 Момын халықтың арасында жүргенде қошақандай момын бол, ал шайқасқа шыққанда, жемтік көрген аш бүркіттей шүйлік.

4 Сөзді айттың ба, ол жақсы ма, жаман ба, шын ба, әзіл ме, бәрі

бір қайтара алмайсың. Сондықтан, сөзінді безбенмен өлшегендей салмақтап барып айт.

5 Ер кісі бір мезгілде барлық жерді жарық етіп отыратын күн емес. Олай болса, ері аңға не жорыққа кеткенде, әйелі ерінің отбасын көңірсітпей, үй ішін үлбіретіп отыруы керек. Келген кісіге ерінің жоқтығын білдірмей, құрметпен қарсы алып, дәмді тағам беріп, адал пейілмен сыйлап жіберсе, өзінің абыройын арттырып қана қоймайды, ел арасында ерінің де абырой-беделін асқар шыңға шығарады. Ер кісінің абыройы әйелінің адамгершілік қасиеттеріне тікелей байланысты. Керісінше, әйел парықсыз, жүрген жерінде абыройсыз, ар-намысын аяққа басып жүрген бәдік болса, күйеуінің де абыройы болмайды, ауыздағы сөзі аяқтыға жол болады.

6 Шербеттен ақыл да, пайда да, абырой да, қайырымды мінез-құлық та, адамгершілік те күтпе. Ішуді тастай тыюға жігерің жетпесе, шаманды байқап, мөлшерлеп ішкін. Мүлдем ішпейтін адам – нағыз қадірлі адам!



ШЕШЕНДІК СӨЗ

ІЛГЕРІ БАСҚАН АДАМҒА

*Айсерке шешен айтты
дейтін сөз*

Ілгері басқан адамға,
Іркілместен ырыс қонар.
Ынтымағы дұрыс болар,
Баласы пайдакүнем келер,
Келіні епті келер,
Қызы қылықты болар,
Ағайыны қоғам болар.
Ағайын қоғам болса,
Көп көрініп жау қашырап,
Көмектесіп қонақ аттандырап,
Іті үрген болар,
Аты жүреген болар.
Адамы қырлы болар,
Малы семіз түрлі болар!

Мінсіз бар ма?

Ашуға жол берсе,
Алдау мен арбауға ерсе,
Ақыл мінсіз бе?
Арамдыққа ұпайы кетсе,
Ажарға сыйып «рақым» етсе,
Әділдік мінсіз бе?
Қайыршыдай қаңғып өтсе,
Бүгін қонып, ертең кетсе,
Бақыт мінсіз бе?
Дәмелендіріп көзінді талдырса,
Ұмсындырып мақұрым қылдырса,
Үміт мінсіз бе?
Ақылдан тірегі болмаса,
Алмастай өткір жүрегі болмаса,
Шешендік мінсіз бе?
Адастырып азапқа салса,
Талапты мұқап сенімді алса,
Арман мінсіз бе?
Талпынып қанат қақпаса,
Қиыннан қиын таппаса,
Талап мінсіз бе?

Шешендік сөздер,
Алматы, 1992 жыл

АЙЫҢ ТУСЫН ОҢЫҢНАН

Маусым қандай ай?



Ол жаздың алғашқы айы. Маусым үндінің маусын деген жұлдыз атауынан шыққан. Бізге түркі елдерінің тілдерінен енген. («ҚКЭ», 7 том, 527 бет). Этнограф жазушы С. Кенжеах-

метұлы: «Бұл атау жаз маусымының басталуына орай шығуы да мүмкін», – дейді. Маусымның тағы бір атауы «отамалы». Бұл жер отының молайып, нәрленгенін, оның малға жұғымының артқанын білдіреді.

Маусымдағы ауа райы Күн барынша ұзарады, түн қысқарады, күн ысып, жаңбыр жауады. Маусым шөп шабуға қолайлы мерзім. Үркердің батуы. Айдың басында үркердің мүлдем көрінбей кететін кезі. Халық «Үркер жерге түспей, жер қызбайды», – дейді.

Шілде қандай ай?

Ілияс Жансүгіровтың «Жазғы шілде» деген өлеңі бар. Онда ақын былайша жыр толғайды: Шілде, шілдем, шілде айым, Шырылдап торғай күн сайын. Шұбар ала шешектер, Шудаланған көк шөптер. Жапырақтар жалпайды, Жас қозылар марқайды. Ұшты көкек қуалай,



Сайда пісті таңқурай. Құрт, ірімшік қайналды, Құлындар да байланды. Ай атауы шілде – парсының «Чиллэ», яғни қырық деген сөзінен шыққан (М. Ысқақов, «Халық календары», Алматы, 1980 жыл. 246 бет). Шілде өте ыстық ай, оның ыстығы 40 күнге созылатындықтан, қазақтарда «қырық күн шілде» деген сөз бар. Иә, маусым айының 26 жұлдызынан тамыз айының 5 жұлдызына дейін ауа райы өте ыстық болады. Содан «қырық күн шілде» ұғымы туған. Бұл күндерді «Ұлы шілде» дейді. Шілденің аңызға, аптап күнін «күн шіліңгір» дейді.

Шілдедегі ауа райы: Шілденің 20 жұлдызында Таразы (нарық) жұлдызы туып, таң суый бастайды. Сол себепті қазақтар: «Таразыда таң суыйды» дейді.

Қырық күн шілде халық аузында «Суыр» деп те аталады. Сұмырай деген сөз суыр айы деген мағынада. Содан халқымыз: «Сұмырай келсе су құриды», – дейді. Шілде айының тағы бір көне атауы – асад. Үркердің

толғағы. Бұл мал-жанға жайлы, үркер туатын шілденің ортасы.

Шілденің алғашқы он күнінде: таңертең шөп басы құрғақ болса – түнде жаңбыр жауады, найзағай күркірі жаңғырып естілсе – нөсерлетеді, шық қалың түссе – аспан шайдай ашылады, таңертең өзен, көл суын тұман бауырласа – ауа райы жақсарады, көлмектен тұнба иіс мүмкісе, өткінші жауыннан кейін көмпірқосақ солтүстіктен оңтүстікке тартылып, қанық қызыл

түске боялса – жаңбыр жауады. Шілденің екінші он күнінде: көкек шақыруын тыймаса жаз ұзаққа созылады, ағаш жапырақтары сарғая бастаса – күз бен қыс ерте түседі. Шілденің үшінші он күнінде: аптап басталады, жерді шың басқан «жылауық» күндер туады, ауа ыстық болса – келер желтоқсан суық болады, қымыздық бітік шықса алдағы қыс жұмсақ болады, арша гүлденген кезде шілде аяқталып, тамыз туады.

Тамыз қандай ай?

Бұл айдың аты ежелгі еврейдің «туммуз» деген сөзінен шыққан», – дейді, этнографтар. Ал бұл сөз қазақ тілінде «сары» деген мағынаға ие. Осыған орай қазақтардың бұл айға қойған тағы бір атауы – «сарша тамыз». Тамыздағы ауа райы: қатты ыстықтан кейінгі саршада үркер туады. Мал-жанға жайлы жаңбыр жауады. Бұл – үркердің толғағы деп аталады.

Сары сарша – сарғаю, жердің құрғап, өсімдіктердің сарғаятын



кезі. Тамызда егін піседі. Таразының тууы – бұл айдың ортасында ауа-райы салқын тартатын, күз нышаны білінетін мезгіл.

МЕНШІК ИЕСІ:
С.Торайғыров
атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Редактор:
Жанар Елешова

Дизайнер: Н. Яницкая

Тілшілер: М. Амантай,
Ә. Абетжанова, М. Сағидолла.

Ақылдастар алқасы:
Қ.Алдабергенов, Ж. Бижан,
А.Тойшыбайұлы, Г. Кенжебалина.

Редакция мекен-жайы:
Павлодар қ., Ломов көшесі, 64,
каб.427-А, тел.673648

• ГАЗЕТ Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке алынып (04.12.2008), ол туралы №9722-Г куәлігі берілген.
• ГАЗЕТ бетіндегі автордың мақалалары, хаттары редакцияның көзқарасын білдірмейді

• ГАЗЕТ Павлодар облыстық «Баспасөз үйі» ЖШС баспаханасында басылды. Павлодар қ., Ленин к., 143 үй, тел. 61-80-26
• ГАЗЕТ айына бір рет шығады, таралымы 500 дана.
Тапсырыс № 1849